

## №5 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген орны: «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы

Өткізілген күні: 30.05.2025ж

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: Мырсейтова Э.С.

Хатшы: Жүрсін Н.Б.

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі (әдіскер есебі)  
Баяндамашы: әдіскер Жүрсін Н.Б.
2. Жазғы сауықтыру жұмысының іс-шараларын бекіту  
Баяндамашы: меңгеруші Мырсейтова Э.С.
3. Балалардың өмір қауіпсіздігі жөнінде нұсқаулар  
Баяндамашы: әдіскер Жүрсін Н.Б.

### ТЫҢДАЛДЫ:

**1-мәселе бойынша:** Әдіскер Жүрсін Н.Б. балалардың оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі бойынша есеп берді. Есепте әр жас топтарының білім, білік және дағдыларды игеру деңгейі талданды.

Әдіскердің айтуынша, балалардың негізгі көрсеткіштері қанағаттанарлық деңгейде қалыптасқан. Танымдық, тілдік, әлеуметтік және шығармашылық дағдыларды дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілген.

Сонымен қатар кейбір балалармен жеке жұмыс жүргізу қажеттілігі атап өтілді. Педагогтарға дидактикалық ойындарды, зерттеу әрекеттерін және жеке қолдау жұмыстарын күшейту ұсынылды.

**2-мәселе бойынша:** Меңгеруші Мырсейтова Э.С. жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспарын таныстырып, бекітуге ұсынды. Жоспарда балалардың денсаулығын нығайту, шынықтыру шараларын ұйымдастыру, серуендік және қимылды ойындарды көбейту қарастырылған.

Жаз мезгілінде қауіпсіздік ережелерін сақтау, су ішу тәртібі, күн өтуінің алдын алу және санитарлық талаптарды орындау мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Кеңес мүшелері жазғы жоспарды бірауыздан қолдап, бекітті.

